

Н.П. Албытова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: nalbytova@mail.ru)

## Студенттерді кәсіби әлеуметтендіру

Мақалада бәсекеге қабілетті инновациялық экономиканың өркендеуіне орай жоғарғы оқу орындарындағы кәсіби дайындық мәселесі қарастырылды. Әлеуметтік сауалнамаларға қатысқан қазақстандық жұмыс берушілердің 66,3%-ы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық тәжірибесінің жоқтығын атап көрсетті. Яғни, жоғары оқу орындарында маман даярлау әлі де болса практикалық дағдыларды дамытуға бағдарланбаған. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің күткен үміттерін қанағаттандырмайды; жоғары оқу орындарын бітірген түлектер деңгейі төмен. Осыдан жоғарғы оқу орындарында теория мен практиканың алшақтығын жоюға механизмдерді қарастыру керек. Қазақстанда жоғарғы мектеп алдында тұрған міндеттер: ғылым, білім, өндіріс үштігінің бірлігін ұстану; кәсіби құзыреттілікке жауап беретін белгілі бір мамандыққа сәйкес сапалы кәсіби дайындықты жаңарту. Бұл міндеттер педагог-мамандарды даярлауда кәсіби әлеуметтендіру сияқты жаңа талаптар қойып отыр. Автор студенттің оңтайлы кәсіби әлеуметтенуінің оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде қарастырады. Сондықтан студенттерді белсенді түрде волонтерлік қызметке тартуды ұсынады. Волонтерлік студенттердің логикалық, сыни және конструктивті ойлауын дамытып, білім нәтижелерін оқу және өндірістік іс-әрекетте қолдана білуге негіз болады. Жалпы, бұл қызмет тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау, шығармашылық ізденіс пен инновацияны қажет етуге итермелейді. Сондай-ақ автор волонтерлік қызметті теория мен практиканың арасындағы алшақтықты қысқарту механизмі ретінде ұйымдастыру жолдарын ұсынды.

*Кілт сөздер:* жоғарғы оқу орны, маман даярлау, фактор, тетік, кәсіби әлеуметтендіру, волонтерлік қызмет, жұмыс берушілер, құзыреттілік.

Бәсекеге қабілетті инновациялық экономиканың өркендеуіне жоғарғы оқу орындарындағы кәсіби дайындық негіз болады. Мұны экономиканың қажеттіліктері мен жоғары білім берудің өзара құрылымдық интеграциясы дұрыс орыққан жетекші елдер тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Ел егемендігін алған уақыттан бастап тәуелсіз Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесі де әлемдік стандарттарға сәйкестендірілуге ұмтылуда. Қоғам алдында тұрған талаптарға сәйкес білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ХХІ ғасырда жоғарғы мектепте әрбір білім алушыны кәсіби тұрғыда үйлесімді дамытуға бағытталған білім берудің жаңа инновациялық үлгісін таңдауды міндеттейді.

Ресми құжаттарда әлеуметтік сауалнамаларға қатысқан қазақстандық жұмыс берушілердің 66,3 %-ы жоғарғы оқу орындарымен ынтымақтастық тәжірибесінің жоқтығын атап көрсетті. Жоғары оқу орындарында мамандар даярлау әлі де болса практикалық дағдыларды дамытуға бағытталмаған. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің күткен үміттерін қанағаттандырмайды; жоғарғы оқу орындарын бітірген түлектер деңгейінің төмендігі байқалуда. Сондай-ақ жоғарғы оқу орнын бітірушілердің бірінші жылы жұмысқа орналасу, оның ішінде ауылдық жерлерде жұмысқа орналасу көрсеткіші төмендігін (71%) сараптайды [1]. Яғни, Қазақстанда жоғарғы оқу орындарының ғылым, білім, тәжірибенің өзара байланыс әлеуеті тиімсіз пайдаланылуда. Сонымен қатар сараптамалар ведомствоаралық кедергілер, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, жеке сектордың экономикалық ынтымақтасуы болмауы білім, ғылым және өндірістің табысты интеграциясына кедергі келтіруде екендігін де анықтайды, олардың шешімі болып табылатын тетіктер белгіленді.

Жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттерді жас мөлшеріне сәйкес қарайтын болсақ, олар республика жастары халықтың жалпы санының 25%-ын құрайды. Ал студент жастардың өзін-өзі іске асырып, қоғамды дамытуда белсенділік танытуы олардың жоғары оқу орындарында білім меңгеру барысында кәсіби әлеуметтенуіне байланысты [2–5].

Шетелдік әлеуметтанушылар студенттерді кәсіби әлеуметтендіру мәселесімен ХХ ғасырдың 50 жж. бастап айналыса бастады. Бұндай зерделеуге бастама болған Р. Мертонның 1957 ж. жарық көрген «Студенттерді кәсіби әлеуметтендіруге дайындау процесі» атты еңбегі. Л. Фестингер де өзінің «Теория когнитивного диссонанса» еңбегінде студенттерді кәсіби әлеуметтендіру процесін негізге алған [4; 98].

1994 ж. Нил Чамблер студенттерді кәсіби әлеуметтендіру мәселесіне қатысты көлемді зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында теориялық, практикалық тәсілдерді қолдана келе, студенттерді кәсіби әлеуметтендіруді екі кезеңге бөлді:

1. Кәсіпке дейінгі, яғни, мектеп оқушысын жоғары оқу орнына дейін мамандық таңдауға бағдарлау.

2. Меншікті кәсіби-нақты таңдаған мамандығы бойынша кәсіби әлеуметтендіру [3].

Американдық әлеуметтанушы Н.Смелзердің пікірінше, кәсіби әлеуметтендіру студенттің әлеуметтік рөлдері, тиісті дағдылары мен жеке тұлғалардың қарым-қатынасын қалыптастыру үдерісі. Автор кәсіби әлеуметтендіру феноменін түсіндіру үшін төрт бағытты бөліп көрсетеді:

1. Кәсіби әлеуметтендіру — инкультурация процесі ретінде, яғни мәдени құндылықтарды, моральді, этикалық нормалар трансляциялау.

2. Кәсіби әлеуметтендіру — меңгеру ретінде, кәсіби әлеуметтік тәжірибені интернализациялау.

3. Кәсіби әлеуметтендіру — бейімдеу ретінде.

4. Кәсіби әлеуметтендіру — жобалау процесі ретінде, тұлғаның игерген кәсіби әлеуметтік тәжірибесінің молаюы [3; 47].

Ресей зерттеушісі А.Г. Красноперова кәсіби әлеуметтендіру студенттің кәсіби еңбек қызметіне дайындығымен өте тығыз байланысты деп санайды. Ғалымның пікірінше, кәсіби әлеуметтендіру — таңдаған немесе назар аударған мамандыққа қатысты әдебиеттерді оқу, БАҚ-ды қабылдау, туыстары мен таныстарының әңгімелерін тыңдау, мамандардың қызметі мен нәтижелерін қадағалау және кәсіби білімді игеру арқылы жүзеге асады [6; 6].

Н.А.Перинский кәсіби әлеуметтендіруді, бір жағынан, студенттің кәсіби ортаға ену, кәсіби тәжірибелерді игеру, кәсіби қоғамдастық стандарттар мен құндылықтарды ұғу үдерісі болса, екінші жағынан, жинақталған кәсіби тәжірибені белсенді жүзеге асыру үдерісі деп түсіндіреді [2; 301].

Студенттерді кәсіби әлеуметтендіру мәселесін ресей ғылымдары социологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарастырады. Әлеуметтік-психологиялық бағыт: кәсіби әлеуметтендіру үдерісін онтогенез барысында студенттің әлеуметтік нормалар, мәдениет пен құндылықтарды меңгеруі деп түсіндіріледі. Ал социологиялық бағыт: студенттің қоғамдық қатынастарға үйлесімді енуі үшін, белгілі бір кәсіби әлеуметтік қасиеттерге ие болуы [5; 82].

Осы аталып өткен анықтамалар мен тұжырымдарды талдап, салыстырсақ, студенттердің кәсіби әлеуметтенуі оның арнаулы білімді, әлеуметтік және кәсіби дағдыларды, кәсіби нормаларды, құндылықтарды, кәсіби мәдениетті меңгерудегі бейімділік-интегративті ерекшелігін дамыту мақсатын ұстанатын көп факторлы және көп деңгейлі үдеріс болып табылады. Студенттердің кәсіби әлеуметтенуін олардың таңдаған мамандықтары бойынша жалпыдан жекеге көшу сияқты іскерліктерді меңгеруіне тәуелділігін аңғаруға болады, олар: педагогикалық ойлау және әрекет ету. Бұл өзара тығыз байланысты екі іскерлікті байланыстыратын ішкі түйсік, қарапайым (эмпирический) және теориялық деңгейде жүретін нақтылықтан абстрактыға көшу үдерісі.

Ғалым Т.С.Сламбекова «Компетенция – субъектінің қойылған мақсатына жету мен сыртқы ресурстарын тиімді ұйымдастыруға дайындығын білдіретін білім нәтижесі, ол адамның мінез-құлқында, іс-әрекетінде көріне отырып, оның жеке тұлғалық сапалары мен қасиеттеріне айналады. Барлық компетенциялар жинақтала келе *құзыреттілікке* айналады. Құзыреттілік әлеуметтік болып табылады, өйткені ол социумда ғана қалыптасады», дейді [7]. Осыдан студенттің болашақ маман ретінде кәсіби әлеуметтенуін оның кәсіби құзыреттілікке сәйкестігімен қарастыру қажеттігі туындайды.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде педагогтардың педагогикалық құзыреттілік компоненттерін мотивтік-еріктік, функционалдық, коммуникативтік және рефлексивтік деп бөліп қарастырады, олар:

– мотивтік-еріктік компонент: мотив, мақсат, қажеттіліктер, құндылық бағдарлар, тұлғаның мамандыққа деген шығармашылығын ынталандыру; кәсіби іс-әрекетке қызығушылықты бағдарлау;

– функционалдық компонент (*functio* латын тілінде — орындау): педагогикалық технологияларды жобалау мен іске асыруда білім ретінде көріну;

– коммуникативтік компонент (*communico* латын тілінде — байланыстырамын, қатынастамын): түрлі іскерлік жағдаяттарда ойды анық, нақты жеткізу, сендіру, аргументтерді пайдалану, дәлелдерді құру, талдау, ой-толғамдарын баяндау, рационалды және эмоционалды хабарлама жасау, диалогты ұйымдастыру және қолдау.

Рефлексивтік компонент (*reflexio* латын тілінде — кері қайту, кері байланыс): өз іс-әрекетінің нәтижесін және өзінің тұлғалық даму дәрежесін саналы бақылай білу; креативтілік, бастамашылдық, ынтымақтастыққа бағдарлану, өзін-өзі іске асыру сияқты сапалар мен қасиеттердің қалыптасуы;

адамдармен қарым-қатынастың тұлғалық мәнін, өзін-өзі басқару, сондай-ақ өзін-өзі тану, кәсіби өсу, шеберлігін жетілдіру мен іс-әрекетінің мәнін, жеке дара қызмет ету жолдарын іздестіру [8].

Педагогтардың педагогикалық құзыреттілік компоненттерін мамандар даярлаудың нәтижесімен анықталатын біртұтас интегративті үдеріс ретінде қарастыруды ескеру керек.

Кәсіби әлеуметтену процесі — болашақ мамандарға қажетті құзыреттілікті игеруге, өмірдегі қиын әлеуметтік және кәсіби өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік беретін күрделі, интегративті үдеріс.

О.В. Селиверстова кәсіби әлеуметтендіруді біртұтас синергетикалық жүйе деп қарастырады. Ол кәсіби әлеуметтендірудің келесі маңызды аспектілерін атап көрсетеді:

- біріншіден, кәсіби әлеуметтендіру студентті әлеуметтендірудің құрамдас бөлігі;
- екіншіден, кәсіби әлеуметтендіру студенттің кәсіби қалыптасуы мен дамуының ажырамас кезеңі;
- үшіншіден, кәсіби әлеуметтендіру кәсіптік оқу мен студенттің тәрбиеленуімен тығыз байланысты;
- төртіншіден, студенттің кәсіби әлеуметтендіру кәсіби және әлеуметтік қызмет түрлеріне студенттің өзін қатыстармай тиімді жүзеге асырылуы мүмкін емес [9].

Л.М.Митина, Р.А.Кричевский тұлғаны кәсіби әлеуметтендіру мәселесін арнайы зерттеп, кәсіби әлеуметтендірудің компоненттерін тәрбие (бағдарды тасымалдау, білім беру (білімді тасымалдау), оқыту (іскерліктерді тасымалдау) деп белгілейді [2].

Студенттердің кәсіби әлеуметтену үдерісі тиімділігінің маңызды шарты мамандық бойынша жұмыс атқару үшін кәсіби білімдерді алуға деген мотивация факторы болып табылады.

Мотивация (ағылш. *motivation*) – қолданылу ыңғайына қарай қазақша «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен педагогикалық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым. Мотивация — психология ғылымы бойынша адамға әрекет ету жоспарын құрғызған, іс бастатқызған, мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, істі табанды жалғастырып, мақсатқа жетуге құлшындырған ішкі ынталылықтың ықпалдылығы. Ол мақсатқа деген күшті аңсар (ынта), ішкі өздік кедергілер мен келіссіздіктерді жою (арылу), саналы да, жігерлі қозғалыс (батыл кірісу) үштігінің бірлігінен көрінеді [8]. Мотивацияның екі түрі болады: ішкі мотивация — сыртқы ортаның қалай болуына қарамастан, мотивациялық талпыныс ішкі ниеттен оянады және мақсат атаулы субъективті болады; сыртқы мотивация — мотивация тұрақты талпындырушы ретінде көбінесе сыртқы орта талаптарынан қолданылады. Мұнда кіріс, мәртебе, мансап секілді сыртқы нәрселердің талабымен мақсатқа белсену туады және оның белсенуі ішкі мотивация ниетімен қайшыласып та жатады. Мотивация тұлғаның белсенділігін, мінез-құлқын, қызметін реттейтін негізгі шарт болып табылады.

Кәсіби әлеуметтенуде осындай мотивтердің тууына себеп болатын бірден-бір жол — волонтерлік қызмет. Волонтерлік қызмет латын тілінен аударғанда *voluntarius* «ерікті» деген мағынаны білдіреді және волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратын тұлғалар [10; 47].

Е.И.Холостованың пікірінше, волонтерлер дегеніміз – өз еркімен белгілі бір адамға немесе адамдар тобына көмектесу ниетімен іс-әрекет жасайтын адамдар. Волонтерлік қызметтің негізгі принциптеріне автор: адамдарға ерікті көмектесуге ниет, яғни еріктілік (*еріктілер* – әлеуметтік мәселелерді шешу үшін тегін, мәжбүрлеусіз жұмыс істейтін тұлға), іс-тәжірибесімен бөлісуге деген ниет, өзін-өзі жетілдіру, адалдық пен заңдылықты жатқызады [11; 37]. Бұл қызмет – өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға қол ұшын беруді ерікті орындауға негізделген өтеусіз әлеуметтік көмек. Әрбір адам жасына, материалдық мәртебесіне, білім деңгейіне қарамастан, волонтер бола алады.

Волонтерлер – тек альтруистер емес (*альтруист* – жақсылық істеуге риясыз ықылас), олар тәжірибе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-қатынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді. Көбінесе волонтерлік қызмет – төленетін жұмысқа жол салады, бұл жерде студент өзін әр түрлі қызмет аясында сынап көріп, өмірлік жолын анықтай алады және өзін жақсы жағынан көрсете алады [10; 48].

А.В. Воронцов волонтерлерлік қызметтің келесі түрлерін көрсетеді:

1. Волонтерлер — менеджерлер. Олар қоғамдық жұмыстарға, волонтерлер қатарына қабылдауға, директорлар кеңесінің жұмысына, жиналыстар ұйымдастыруға және өткізуге көмектесе алады.

2. Волонтерлер — көмекшілер. Бұл волонтерлер жеке бір адамға тұрақты түрде бекітілмейді. Көмекті қажет ететін адамға белгілі уақыт аралығында көмектеседі. Олар көбінесе аптасына бір рет

жұмысқа келіп, тіркеуші, хатшы, телефон операторы, тазалаушы, күзетші функцияларын атқара алады.

3. Волонтерлер — тікелей көмекшілер. Олар «клиент – волонтер» принципі бойынша, яғни, бір адамға көмек керек кезде ғана және басқа адамдардың қатысуынсыз қызмет көрсетеді [12; 199].

И.Ю. Киселев «волонтерлік қызмет дегеніміз — адамның қоғамдық өмірге белсенді қатысуы» деп тұжырымдап, волонтерлік қызметтің келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

1) Ұйымдастырушылық дәрежесі бойынша:

а) ұйымдастырылған, коммерциялық емес, мемлекеттік және жеке секторларда жүзеге асырылады;

ә) ұйымдастырылмаған, достарға немесе көршілерге кездейсоқ және эпизодтық көмек.

2) Мақсатты бағдарлануы бойынша:

а) өзара көмек;

ә) қайырымдылық;

б) жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу;

в) волонтерлік қызметке қатысты қандай да бір оқу-ағарту немесе насихаттау мәселесі [13; 105].

О.И. Холина: «Волонтерлік қызметті заманауи жастар субмәдениеті көріністерінің біріне жатқызуға болады», — дейді. Ол волонтерлік қызметтің төрт түрін бөліп көрсетеді:

1. Кәсіби волонтерлік қызмет – бұл қызмет таңдаған мамандық бойынша тәжірибе жинақтауға бағытталған.

2. Қоғамдық волонтерлік қызмет – барлығына таныс қауымдық пайдалы жұмыс: аумақты тазарту, ағаш отырғызу және т.б.

3. Виртуалды волонтерлік қызмет – үй жағдайында тегін желілік жұмыс.

4. Отбасылық волонтерлік қызмет – бір уақытта отбасының бірнеше мүшелерінің (ересектер, балалар) қызмет етуі. О.И. Холина, волонтерлік қызметтің субъектісі – еріктілер, объектісі – табиғат, қоғам, адамдар, деп көрсетеді [14; 57].

Сонымен, волонтерлік – бұл студенттің болашақ мамандығын танып-біліп, кәсіби білімін тәжірибемен ұштастыруға кәсіби әлеуметтенуге жағдай жасайтын мүмкіндік. Жалпы, әлемдік тәжірибеде кәсіби волонтерлік қызмет әлеуметтанушылар, психологтар, қорғаушылар, әлеуметтік және медициналық жұмыскерлер, педагогтар арасында кең тараған.

Бүгінгі күні волонтерлік ұйым 80 елде бар. 1990 ж. 14 қыркүйекте Париж қаласында Халықаралық қауымдастығының XI Бүкіләлемдік конференциясында волонтерлік күш қозғалыстың жалпыға бірдей Декларациясы қабылданды, Декларацияда волонтерлік қызметтің мәні мен мақсаттары, негізгі принциптері белгіленді.

Сондай-ақ бүгінгі күні танымал халықаралық волонтерлік ұйымдар қатары күн санап көбейіп келеді, олар: United Nations Volunteers – Біріккен Ұлттар Ұйымы еріктілері; Youth Action for Peace – 1923 жылдан бастап Халықаралық жастар ұйымы; «Доноры детям» Волонтерлік бірлестігі; «Настенька» қайырымдылық қоры; «Трансатлантические партнеры против СПИДа (ТППС)» Тәуелсіз үкіметтік емес ұйымы; «Дружина охраны природы им. В.Н.Тихомирова биологического факультета МГУ» Ерікті жастар қоғамдық табиғат қорғау ұйымы және т.б.

Қазақстанда волонтерлік қызмет қарқынды дамуда, «Нұр Отан» партиясының Мәжілістегі фракциясы мен Сенат депутаттары бірлесіп, «Волонтерлер туралы» Заң жобасын дайындады. 2006 ж. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2006–2011 жж. кезеңіндегі азаматтық қоғам тұжырымдамасы бекітіліп, онда волонтерлік қызметті жалпы азаматтық қоғам дамуындағы маңызды кезең ретінде институционалдық дамыту қажеттілігі туралы мәселе көтерілген... [15]. Астанадағы белсенді волонтерлік қозғалыс ресми VII Қысқы Азия ойындарынан басталды және волонтерлік қызмет көрсету ұйымдарының саны өсіп келе жатыр.

Алайда жоғарғы оқу орындарында мақсатты түрде студентті кәсіби әлеуметтендіруге бағытталған волонтерлік қызмет өз жұмысын тұрақты жүргізуі керек. Бұл орайда бүгінгі уақытқа дейін қалыптасқан тәжірибелерді сараптай келе, төмендегідей жұмыстарды ұсынуға болады:

– маман даярланатын кафедрада волонтерлік клуб бағыт-бағдарын анықтау;

– кафедра студенттері, магистранттары, докторанттары және олардың болашақта қызмет орны аясындағы жұмыс беруші орындармен бірлестікте клуб жоспарын құру;

– шет елдік және отандық тәжірибелерді ескеріп, кәсіби әлеуметтендіруде волонтерлік қызметтегі студенттерге қолдау жасау формаларын анықтау.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2016. — 43–47-б.
- 2 Митина Л.М., Кричевский Р.Л. Профессиональная социализация личности // Проблемы профессиональной социализации личности / Под ред. Л.М. Митиной. — Кемерово, 2011. — 301 с.
- 3 Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер / М.С. Садырова. — Алматы: Эверо, 2011, 2014.
- 4 Кабиров С.Р. Социализация личности студентов технических вузов в системе воспитательной деятельности молодежных организаций: дис. ... канд. пед. наук. — Магнитогорск, 2015. — 98 с.
- 5 Будкина Л.В. Правовая социализация студентов в профессиональных образовательных организациях: автореф. дис. ... канд. пед. наук. — М., 2013. — 82 с.
- 6 Биекенов К.У. Әлеуметтану: оқу құралы / К.У. Биекенов, С.К. Биекенова, Г.А. Кенжакимова. — Алматы: Паритет, 2012. — 6-б.
- 7 Сламбекова Т.С. Жеке тұлғаның өзін-өзі тану үдерісінің маңызы // Хабаршы. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. — №3(112). — 307–310-б.
- 8 Зимняя И.А. Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования. — [ЭР]. Режим доступа: <http://aspirant.rggu.ru/print.html?id>
- 9 Селиверстова О.В. Принципы процесса профессиональной социализации студента в контексте синергетической парадигмы образовательной среды вуза // Высшее образование сегодня. — 2010. — № 5. — С. 91–93.
- 10 Казакова Т.В., Басалаева Н.В., Захарова Т.В., Яковлева Е.Н., Осяк С.А. Волонтерство как направление воспитательной работы в вузе // Современные проблемы науки и образования. — 2015. — № 4. — С. 47–48.
- 11 Холостова Е.И. Даниловцы: добровольное движение. Социальное волонтерство. Теория и практика // Омега-Л. — 2016. — 37 с.
- 12 Юдина Т.А., Григоращенко-Алиева Н.М. Организация волонтерского движения в молодежной среде (социальный аспект) // Известия Сочин. гос. ун-та. — 2012. — № 3 (21). — С. 199.
- 13 Гололобова А.В. Роль волонтерского движения в развитии гражданских качеств студентов медицинского вуза // Педагогическое образование в России. — Екатеринбург: УГПУ, 2011. — № 1. — 105 с.
- 14 Холina О.И. Добровольческий труд как основной принцип волонтерского движения // Актуальные проблемы управления современным обществом: посткризисное развитие и модернизация: материалы междунар. науч.-практ. конф. (27 декабря 2011 г.); Отв. ред. В.И. Долгий. — Саратов: ИЦ «Наука», 2012.
- 15 [ЭР]. Режим доступа: Strategy-2050.kz

Н.П. Албытова

**Профессиональная социализация студентов**

В статье рассмотрена проблема профессиональной подготовки кадров в высших учебных заведениях, ориентированных на процветание конкурентоспособной инновационной экономики. 66,3% казахстанских работодателей, участвовавших в социальном опросе, отмечают отсутствие опыта сотрудничества с высшими учебными заведениями. Другими словами, в высших учебных заведениях по-прежнему обучение специалистов не ориентировано на развитие практических навыков. Образовательные программы не удовлетворяют ожидания работодателей; отмечается низкий уровень выпускников высших учебных заведений. Таким образом, на этапе нового старта высшего образования необходимо выработать механизмы сокращения разрыва между теорией и производством. Приоритетами высшего образования Казахстана обозначены триединство образования, науки и производства; необходимость качественного обновления профессионального развития специалистов, соответствующих компетенциям данной специальности. Новые задачи ставятся и перед системой профессионального образования по подготовке педагогических кадров. Автор рассматривает успешную профессиональную социализацию как фактор формирования профессиональной компетенции. Предложено активно вовлекать студентов в волонтерскую деятельность. Волонтерство позволит сформировать у студентов основы логического, критического и конструктивного мышления, обеспечивающего успешность достижения образовательных результатов, умение применять полученные знания в учебной и практической деятельности. В целом волонтерская деятельность будет способствовать профессиональному самоопределению личности и формированию у студентов потребности в творческой и инновационной деятельности. Показаны пути организации волонтерской деятельности в студенческой среде как механизм сокращения разрыва между теорией и производством.

*Ключевые слова:* высшее учебное заведение, подготовка специалистов, фактор, механизм, профессиональная социализация, волонтерская деятельность, работодатели, компетентность.

N.P. Albytova

**Professional socialization of students**

The article discusses the problem of professional training in higher educational institutions, aimed at the prosperity of competitive innovation economy. 66,3% of Kazakhstani employers who participated in the social survey noted otstutstvie experience of cooperation with higher education institutions. In other words, universities are still teaching professionals not focused on the development of practical skills. Educational programs do not meet the expectations of employers; low level of university graduates. Thus, at the start of a new stage of higher education is necessary to develop mechanisms to bridge the gap between theory and production. Higher education of Kazakhstan's priority is indicated by the trinity of education, science and industry; the need for a qualitative upgrade professional development specialist competencies corresponding to this specialty. New targets are set and before the professional education system for teacher training. The author considers the successful professional socialization as a factor of formation of professional competence. Therefore, it offers to actively involve students in volunteer activities. Volunteering allows students to form the foundations of logical, critical and constructive thinking, ensuring success in achieving educational results, the ability to apply the knowledge gained in the training and practice. In general, volunteer activities will promote professional self-determination of the individual and the formation of the students' need for creativity and innovation. The author also suggests ways of organizing volunteering in the student community as a mechanism to bridge the gap between theory and production.

*Keywords:* higher education, training, factor, mechanism, professional socialization, volunteering, employers, competence.

**References**

- 1 State Program for Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 years, Astana, 2016, p. 43–47.
- 2 Mitina L.M., Krichevsky R.L. *Problems of professional socialization Personality* / ed. L.M. Mitina, Kemerovo, 2011, 301 p.
- 3 Sadyrova M.S. *Sociology: actual problems* / M.S.Sadyrova, Almaty: Evero, 2011; 2014.
- 4 Kabirov S.R. *Socialization of the person of students of technical colleges in the system of educational activity of youth organizations*: dis. ... cand. ped. sci., Magnitogorsk, 2015, 98 p.
- 5 Budkina L.V. *Legal socialization of students in vocational education institutions*: abstract. dis. ... cand. ped. sci., Moscow, 2013, 82 p.
- 6 Biekenov K.U. *Sociology: textbook* / K.U. Biekenov, S.K. Biekenova, G.A. Kenzhakimova, Almaty: Raritet, 2012, p. 6.
- 7 Slambekova T.S. *Bulletin*, Astana: L.N. Gumilyov ENU, 2016, 3 (112), p. 307–310.
- 8 Zimnyay I.A. Core competencies — a new paradigm of educational outcomes, [ER]. Access mode: <http://aspirant.rgg.ru/print.html?id>
- 9 Seliverstova O.V. *Vyshoee obrazovanye segodny*, 2010, 5, p. 91–93.
- 10 Kazakova T.V., Basalaeva N.V., Zakharova T.V., Yakovleva E.N., Osyak S.A. *Modern problems of science and education*, 2015, 4, p. 47–48.
- 11 Holostova E.I. *Omega-L.*, 2016, 37 p.
- 12 Yudina T.A., Grigorashchenko-Aliyeva N.M. *Proceedings of the Sochi State University*, 2012, 3 (21), p. 199.
- 13 Gololobova A.V. *Pedagogical Education in Russia*, Ekaterinburg: UGPU, 2011, 1, 105 p.
- 14 Cholina O.I. *Actual problems of modern society management: post-crisis development and modernizatsiya, materials of the internat. sci.-pract. conf.* (December 27, 2011). Ans. ed. V.I. Dolgiy, Saratov: IT «Nauka», 2012.
- 15 [ER]. Access mode: Strategy-2050.kz